



Мір. Мұсағалиев



1934 жылғы
10 қаңтардан
шыға бастады

ҚАЗАҚ

ӘДЕБИЕТІ

№ 48
(2886)

26 қараша —
2 желтоқсан
жұма, 2004 жыл

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті

УАҚЫТ – СЫНАП

Өлең іздеу

Ақын-жазушылар Мархабат Байғұт, Темірхан Медетбек, Көпен Әмірбек, Құлбек Ергөбек Шымкент өңірінде болып, оқырмандармен әдеби кештер ұйымдастырады. Жазушылар одағының облыстағы бөлімшесінің жетекшісі ретінде алкалы басқосуларды жергілікті жазушы, осы аймақтың талантты қаламгері Мархабат Алматыдан келген ақындарға алғашқы кезекте сөз береді. Оқырмандар алдында өткір сықақтары мен әзіл-оспақтарын оқыған Көпен жұрттың езуін жиғызбай күлкіге кенелтсе, Темірхан “Маңғыстау монологтары”, “Геологтар”, “Үстірт үстінде” секілді өлеңдерін дүрілдетіп бірінен соң бірін оқып, жиналғандарды ойға шомдырады.

Осындай ой құшағында отырған оқырманның бірі Темірханға сұрақ қояды:

— Білетіндердің айтуынша, сіз біздің Түркістанда туыпсыз. Со-нау қиянда, жер түбінде геологтармен бірге біраз жыл жүріпсіз. Сонда не іздедіңіз о жақтан?

— Иә, бірнеше жыл геологтар сапында Маңғыстау үстін ерсілік-қарсылы шарладық. Геологтар кен іздесе, мен өлең іздедім, — деген екен Темірхан риясыз күліп.

Рас. Тың тақырып... Тосын идея... Жаксы өлең... Онай тумайды. Алтын іздегенмен бірдей-ау!

Орындалмаған “аманат”

Белгілі журналист, публицист Ұзақ Бағаев “Социалистік Қазақстан” газетінде редактор болып қызмет істеп жүрген кезінде: “Журналист болма деп баламның баласының баласына айтып кетем” — деген сөзді жиі айтатын көрінеді.

Көзін журналистикамен ашқан, саналы ғұмырын газеттің ыстық-суығына арнаған Ұзекеннің бұл сөзі журналист кәсібін кемсітуі емес, керісінше, оның азабы мен қиыншылығы мол мамандық екендігін мегзесе керек. Бірақ Ұзекеннің ұлы, ақын Ерұлан Бағаев та журналистика факультетін бітіріп, “Жазушы”, “Қазақстан”, “Ғылым” баспаларында қызмет істейді. Баспасөз саласында да өзіндік қолтаңбасымен танылған қаламгер еді.

Тәнкі жеңеше

Үнемі күліп, үнемі күлдіріп жүретін, сөйтіп маңайына шуақ үйіріп жүретін танымал сықақшы-жазушы Есенжол Домбаев аз уақыт “Қазақстан әйелдері” журналында қызмет атқарған кезінде “Егеменге” жиі бас сұғатын. Көбіне қысыр әңгіме іздеп емес, жігіттермен бірер партия шахмат ойнауға келетін тәрізді. Шаршы тақтада шайқасып отырып інілерінің екі езуін жиғызбайтыны жөне бар.

— Тәнкі жеңешем журналға жұмысқа уақытша алды ғой. Боссын деген күні кете беремін, — деді Есаған кезекті жүрісін жасап.

— Кімді айтып отырсыз. Түсінбедік қой.

— Алтыншаш апаларыңды айтамын да. Жағанованы білетін шығарсындар, айналайындар. Әнес Сараев ағаларыңның жолы үлкен. Сондықтан мен апаларыңды жеңеше деймін. Теледидардан өздерін көрдіңдер. Жоғарғы Кенестің сессиясында қалай сөйледі менің депутат жеңешем. Тура тәнкідей жапырды емес пе.

— Иә, көрдік...

— Өзгелердің пікірін мүлдем өзгертіп жіберді ғой.

— Әй, Есаға-ай, сіздің ойлап таппайтыныңыз жоқ. “Тәнкі жеңеше...”. Өте дұрыс айтасыз.

Шахмат сайысын тамашалап тұрған журналистер бірін-бірі кеу-кеулеп кетті.

Мырқым бір төбе...

Газетте істейтін журналистер негізінен үш топқа бөлінеді. Алғашқысына күні-түні тынбай қалам сілтейтін “ақ мылтық” жазғыштарды жатқызсақ, екінші топты қанша жазса да есімін көп жұрт біле бермейтін салбөксе журналистер құраса керек. Ал, сонғылар санатына жазбайтын журналистер кіреді. Басылым бастықтары өз қызметкерлерінің салмағы мен бағасын да түрліше сипаттаған. Мәселен, Қызылорда облыстық “Сыр өңірі” газетінің редакторы болып отырғанда көрнекті публицист-жазушы Ұзақ Бағаев лездемеде өзінің жазғыш журналисі Мырқы Исаев туралы аса сүйсіне былай депті:

— Мырқым бір төбе, қыркын бір төбе.

Редактордың бұл бағасына ешкім ауыз ашпапты. Әншейінде сөзуар көрінетін журналистердің еш уәж айтпауы да белгілі. Өйткені, заманында қызылордалық бесаспап азулы журналист Мырқы Исаевтың аты-жөнін бүкіл Қазақстан жақсы білетін.

Қаулысыз-ақ лауреат

Өмір — бәйге. Ал, көмбеге әркім әркілі жолмен, әркілі жағдайда жетеді. Көп ретте сол көмбе төбесін көре алмай, орта жолда шаң қауып жататындар да жыртылып айырылады. Қарауыл төбеге алқынбай суырылып дара келетіндер де, өкпесі өшіп сырылдап зорға ілінетіндер де бар. Яғни, әйгілі Расул Ғамзатовша бейнелеп айтсақ: “Шың басына самғап қыран да жетеді, жыбырлап жылжып жылан да жетеді”. Бұл күнде не көп? Сыйлық көп! Мемлекеттік, республикалық, халықаралық, өмірден өткендердің, жеке қалталылардың, дөкей алпауыттардың... сыйлықтары.

Қысқасы, Мағауинше жеткізсек, “жалпақшешейлік сыйлықтар” қаптап кетті. Тек, оның иелерін дер кезінде, дөп басып анықтаған абзал.

Осындай мәртебелі сыйлыққа атақты ақын Иран-Ғайып (Иранбек Оразбаев) үшінші мәрте ұсынылғанда қолына қалам ұстағандарды былай қойғанда, жыр сүйер, әдебиеттен сәулесі бар үлкен-кіші ерекше елендескен. Сырт көз — сыйшы. Несіне бүгежектейміз. Сүйікті ақындары — Иран-Ғайыпты етжақын бауырларынан кем көрмейтін көпшілік оның бәйге төрінен көрінетініне шүбәсіз еді. Алайда... Тағы да құлады. Ақиқатында — құлатты. Оқырмандары, тілеулестері, серіктестері сенбеді... Өлең танытын, сөз танытын қазақ мүжілмеді. Себебі...

“Егеменнің” телетайпына түскен комиссия шешіміне үнілген қаламгерлер Мынбай Ілес, Мамадияр Жақып, Әділ Дүйсенбек, Әбді-Әзиз Алдаберген уәделесіп алғанды бірауыздан:

— Иранбек бәрібір — лауреат! Бүгінгі заманның Батыраштары қанша сүріндіргенімен Иран-Ғайыптың өлеңін өшіре алмайды. Қатырма қағазсыз да, қаулысыз да, Ол — лауреат!

Әншейінде әдебиет төңірегінде әңгіме өрбігенде үшке, екіге жарылып, дай-дай болып, қызылкенірдектесетін қаламдастар ойы бұл жолы бір арнаға құйылып жатты. Сирек құбылыс.